

Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру
бағдарламасының курстары бойынша Біліктілік емтиханының тапсырмалары
«Мектептегі мұғалім көшбасшылығы»

Қала, Оқыту орталығы	
Аудитория нөмірі	
Тыңдаушының орнының нөмірі	
ТАӘ	
ЖСН	

Емтиханның өткізілу уақыты: **90 минут**

ТЫҢДАУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН НҮСҚАУЛЫҚ

1. *Сұрақ кітапшасын* аудиториядағы бақылаушы рұқсат бергеннен кейін ашыңыз.
2. *Сұрақ кітапшасында* берілген барлық **38 тест тапсырмасын** орындаңыз.
3. Тек қана **қара** сиялы қаламсапты (**гельді емес**) қолданыңыз.
4. Жауаптарыңызды алдымен *сұрақ кітапшасына* белгілеп алып, сонан соң *жауап парағына* көшіріңіз.
5. Сұрақтардың жауаптарын Сізге берілген *жауап парағындағы* дұрыс толтыру үлгісіне сәйкес белгілеңіз.
6. Емтихан аяқталған соң аудитория бойынша бақылаушыға *сұрақ кітапшасы* мен *жауап парағын* тапсырыңыз.

ТЫҢДАУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

- А блогындағы тест тапсырмаларында бес жауаптың бірі ғана дұрыс болады. Осы блоктағы әрбір дұрыс орындалған тест тапсырмасы **1 балмен** бағаланады.
 - В блогындағы (сәйкестікті орнату немесе дұрыс реттілікті анықтау) сұрақтардың жауабы мына үлгіде болуы мүмкін:
 - дұрыс реттілікті анықтауға – 1В, 2А, 3Е, 4С, 5D;
 - сәйкестікті орнатуға – 1В, 2А, 3Е, 4С, 5D немесе 1АС, 2В және т.б., яғни бір сұраққа бірнеше дұрыс жауап таңдалуы мүмкін.
- Осы блокта 100% дұрыс орындалған әрбір тест тапсырмасы үшін **2 балмен**, 50% және одан жоғары – **1 балмен**; 50%-дан төмен – **0 балмен** бағаланады.
- Сіз жинай алатын балдың ең жоғары саны – **50**.

**«Мектептегі мұғалім көшбасшылығы» бағдарламасының
емтихан сұрақтары**

А блогы. (1-26 – тек бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмалары)

1. Оқушыда кез келген өмірлік жағдайларда пайдалана алатын терең білім қалыптастыруды мақсат ететін оқыту тәсілін көрсетіңіз

- A) белсенді оқыту
- B) деңгейлік оқыту
- C) сындарлы оқыту
- D) танымдық оқыту
- E) тәжірибелік оқыту

2. Өзіндік ерекшелігі мектепті жетілдіруде нақты мақсатқа бағытталушылық болып табылатын бөлінген көшбасшылық түрін көрсетіңіз

- A) бастамашылық бөлініс
- B) кезеңдік бөлініс
- C) мәдени бөлініс
- D) прагматикалық бөлініс
- E) стратегиялық бөлініс

3. А. Маслоудың қажеттіліктер иерархиясына сәйкес оқушының қабілеті мен әлеуетін толық көрсете білу қажеттілігі

- A) қарым-қатынас
- B) қауіпсіздік
- C) құрмет көрсету
- D) өзін-өзі таныту
- E) физиологиялық

4. Нәтижесі қайта өндіруге болатын, есте сақталған көлемді ақпарат болып табылатын оқу түрі

- A) ақпарат жинақтау ретінде
- B) білімнің сандық ұлғаюы ретінде
- C) есте сақтау ретінде
- D) мағынаны ұғыну ретінде
- E) түсіндіру тәсілі ретінде

5. Мектептерде оқыту мен оқуды жақсарту мақсаты (Elliot)

- A) «академиялық империализм»
- B) «болашақ академиясы»
- C) «білім монополиясы»
- D) «қоғамдық келісім»
- E) «табысты әріптестік»

6. Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауындағы пайым ерекшелігінің сипатын көрсетіңіз

- A) барлық қорытындыларды бағалау
- B) дәлелдердің деңгейін, маңызын мойындау
- C) ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылу
- D) кез келген дәлелді есепке алып отыру
- E) тиянақты, нақты және жан-жақты болу

7. Дарынды және талантты оқушылардың креативті ойлауына қатысты сипаттаманы көрсетіңіз

- A) басқалармен жылдам тіл табысады
- B) қиялы дамыған және тың идеялар табады
- C) өзін-өзі сынайды және бағалай алады
- D) өткінші шешімдерге күмән келтіреді
- E) проблемаларды анықтайды және шешеді

8. Блум таксономиясы бойынша дәйектер мен себептерге сәйкес ақпаратты тексеру және жіктеу кезеңін көрсетіңіз

- A) білу
- B) жинақтау
- C) қолдану
- D) талдау
- E) түсіну

9. Білім алу үдерісі ретінде сананы зерттеген ғылыми бағыт

- A) әлеуметтік-жағдаяттық
- B) бихевиористикалық
- C) гештальт
- D) гуманистік
- E) когнитивтік

10. Л.Шульман табысты мұғалімге тән үш белгіні көрсеткен. Соның бірі болып табылатын кәсіби түсінік сипаттамасын көрсетіңіз

- A) оқыту мен бағалау барысында әр түрлі әдістер мен тәсілдерді пайдалану
- B) сабақтарды жоспарлау және оқушыларды бағалау үдерісін жүзеге асыру
- C) тәжірибені жетілдіру үшін зерттеу еңбектерін қалай қолдану керектігін білу
- D) түйінді идеяларды түсіндіру бойынша тәжірибелік дағдылардың болуы
- E) ұстаз мамандығының этикалық, моральдық құндылықтарын ұстану

11. Б.Скиннер көзқарасы бойынша, адамдардың лайықты істері үшін ынталандыру, лайықсыз қылықтарын елемей немесе жаза қолдану

- A) гуманистік өнегелілік
- B) қоғамдық реттеушілік
- C) моральдік тәрбиелілік
- D) оперантты шарттылық
- E) тәжірибелік зейінділік

12. Іс-әрекеттерді қалай орындау керек екені жөнінде білімдер сақталатын жады түрі

- A) жұмыс жадысы
- B) оперативті жады
- C) рәсімдік жады
- D) семантикалық жады
- E) эпизодтық жады

13. Әр түрлі жастағы табысты сыныптарда мұғалімнің оқу үдерісін бағыттап, толықтырып, қолдап отыру рөлі

- A) бақылаушы
- B) білім беруші
- C) дәріс оқушы
- D) жетекші
- E) үйлестіруші

14. Оқушының өзін-өзі ынталандыру қабілетін көрсетіңіз

- A) өзіндік ереже
- B) өзіндік тәртіп
- C) сыртқы уәж
- D) тұрақты зейін
- E) ішкі уәж

15. Дж. Флейвелл бойынша, оқушыға білмеген тапсырманы орындауға кеңес берілмегендіктен, оқушының қабілеті жетіп тұрса да, тапсырманы орындай алмауы

- A) білімге мұқтаждық
- B) оқуға салғырттық
- C) өнімділік тапшылығы
- D) тәжірибенің аздығы
- E) шектеулі уәжділік

16. Оқушының проблеманы шешу мен мақсатқа жетуге арналған әдіс-тәсілдерді өздігінен таңдауы

- A) өзін-өзі бағалау
- B) өзін-өзі білу
- C) өзін-өзі құрметтеу
- D) өзін-өзі реттеу
- E) өзін-өзі тану

17. Коучинг үдерісінің сипаттамасын көрсетіңіз

- A) жүйелі қарым-қатынас ұзақ уақыт бойы жалғасуы мүмкін
- B) кездесу қажеттілігіне қарай бейресми сипатта өтуі мүмкін
- C) кездесулер дамудың нақты мәселелеріне бағытталады
- D) кеңес беру ұзақ және көп аспектілік негізде көрсетіледі
- E) мұғалімнің тұлға ретінде өсуіне басты назар аударылады

18. Тәлімгерлікке қатысты сипаттаманы табыңыз

- A) білім алушыларда нақты бір дағдыны қалыптастыруға бағытталады
- B) кездесулер алдын ала жоспарланады және құрылымдық сипатта болады
- C) кездесулер қысқа мерзімді және дамудың нақты мәселелеріне бағытталады
- D) кеңес беру нақты, қысқа мерзімді мақсаттарға қол жеткізуді көздейді
- E) кеңестер мен қолдау ұзақ уақыт және көп аспектілік негізде көрсетіледі

19. Г.Иган бойынша тәжірибелі көмекші моделінің бірінші кезеңінде жүзеге асырылатын әрекеттерді көрсетіңіз

- A) әрекеттерді талдау, тиісті стратегияны таңдау және іс-әрекет жоспарын әзірлеу
- B) күтілетін нәтижені анықтау, тәжірибені талдау және іс-әрекет жоспарын әзірлеу
- C) мақсат қою, мақсаттың орындылығын анықтау және тиісті стратегияларды таңдау
- D) мақсат қою, мақсаттың тиімділігін және күтілетін нәтижелерді анықтау
- E) тәжірибені талдау, проблеманы анықтау және өзекті проблемаларға көңіл бөлу

20. Сабақты зерттеу тәсілінің бастапқы кезеңін көрсетіңіз

- A) оқу үдерісінде алынған нәтижелерді есепке алу
- B) оқушылардың оқу үдерісіндегі нәтижелерін жүйелеу, талдау
- C) топ мүшелерінің бірлесіп сабақты егжей-тегжейлі жоспарлауы
- D) топ мүшелерінің жұмысты бірлесе қайта жоспарлауы
- E) топ мүшесінің белгіленген сыныпта зерттеу сабағын өткізуі

21. Сабақты зерттеу үдерісінде топ мүшелерінің түйінді идеяларды зерттеуге қатысты жауап іздеуі үшін жүргізілетін әрекетін анықтаңыз

- A) жоспарлауда қолдану үшін зерделенген әдебиеттер нәтижелерін қорытуы
- B) қандай сынып пен «бақылаудағы үш оқушы» назарға алынатынын шешуі
- C) мұғалімдердің зерттеу сабағы туралы бірнеше оқушымен сұхбат жүргізуі
- D) топ мүшелерінің зерттеу сабағы аяқталысымен бірден талқылау жүргізуі
- E) топтың жұмыс нәтижелігін қамтамасыз ететін ережелер жүйесін жасауы

22. Ой-пікірлерде үлкен алшақтық болатын және әрқайсысы өз шешімдерінде қалатын әңгімелесу түрі

- A) әңгіме-дебат
- B) әңгіме-сұхбат
- C) зерттеушілік әңгіме
- D) кумулятивтік әңгіме
- E) шығармашылық әңгіме

23. Жаттап алынған білімді тексеру үшін қойылатын сұрақ

- A) басқаға бағыттау
- B) жоғары деңгейлі
- C) сынақтан өткізу
- D) төмен деңгейлі
- E) түрткі болу

24. Оқуды жақсарту мүмкіндіктерін, сондай-ақ осы мүмкіндіктерді іске асыру әдістері мен түрлерін анықтауға бағытталған бағалау түрі

- A) жылдық бағалау
- B) кезеңдік бағалау
- C) оқу үшін бағалау
- D) оқуды бағалау
- E) тоқсандық бағалау

25. Тестілеу өткізіп, кейін өзіндік түзету және тестілеу жұмыстарын қайталап өткізудегі бағалау мақсатын көрсетіңіз

- A) білім, дағдыларды болжау және сұрыптау
- B) оқудағы қиындықтарды анықтау
- C) оқыту мазмұнын және стилін бақылау
- D) стандарттарды бақылау және орындау
- E) уәж түріндегі кері байланыс орнату

26. Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдерді, мақсатты аудитория сипаты мен бағалау стратегияларын білуді қамтитын білім саласын көрсетіңіз

- A) мазмұндық білім
- B) пәнге негізделген білім
- C) педагогикалық білім
- D) психологиялық білім
- E) технологиялық білім

В блогы. (27-38 – сәйкестікті немесе дұрыс реттілікті анықтауға арналған тест тапсырмалары)

27. Сабақты зерттеу тәсілінің алғашқы үш кезеңінің реттілігін көрсетіңіз

- A) жеке немесе топпен бірлесіп, сабақтың мақсатын қою және дайындау
- B) сабақты зерттеуге қатысушылардың барлығының сабақты талқылауы
- C) сабақты зерттеуді жүргізу және қатысушылардың сабақты бақылауы

1)_____ 2)_____ 3)_____

28. «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы» бағдарламасының мазмұнын құрылымдайтын сұрақтарды реттілігімен орналастырыңыз

- A) Қалай істеу керек?
- B) Неліктен оқыту тәсілдерін өзгерту керек?
- C) Сыныпта не істеу керек?

1)_____ 2)_____ 3)_____

29. Мұғалім жүргізетін дамыту жұмыстары кезеңдерінің реттілігін көрсетіңіз

- A) атқарылатын жұмыстардың жоспарын құру
- B) дамыту бағдарламасын құруға арналған келісім мен кеңестер
- C) зерттеуге негізделген дамыту жұмысындағы көшбасшылық
- D) кәсіби міндеттерді анықтау
- E) құндылықтарды анықтау

1)_____ 2)_____ 3)_____ 4)_____ 5)_____

30. Білім аспектілерін мұғалімнің білім, білік, дағдысының сипаттамаларымен сәйкестендіріңіз

1)білімнің педагогикалық аспектісі	A) жаңа тақырып өткенде кездесетін кедергілерді болжап, баяндау, көрнекілік сияқты әдістерді қолданады
2) білімнің технологиялық аспектісі	B) тақырыпқа қатысты мәліметтерді интернеттен алынған көрсетіліммен толықтырады
	C) тақырыпты түсіндіру үшін компьютерлік модельдерді көрсетеді

31. Соңғы зерттеулерге сәйкес оқу үдерісінің түрлерін оларға тән белгілерімен сәйкестендіріңіз

1) ассоциациялар арқылы оқу	А) адамдар зерделеу, эксперимент, басқалардың жетекшілігімен зерттеу, ойлау арқылы түсінік пен дағдыларды құра отырып білім алады
2) белсенді зерттеулер арқылы оқу	В) адамдар мнемоника, жаттығулар, имитация, нұсқаулық беруді пайдалана отырып, білім алады
3) диалог арқылы оқу	С) адамдар талқылау, дебат, ынтымақтастық, білімді бірлесіп құру арқылы түсінік пен дағдыларды қалыптастыра отырып білім алады

32. Тәжірибелі көмекшінің моделі бойынша мұғалімнің іс-әрекетін сипаттамаларымен сәйкестендіріңіз

1) мақсат қою	А) өзгерістерді енгізу үшін іс-әрекет жоспарын жасау
2) проблеманы анықтау	В) тәліптің іс-әрекетін және оның тәжірибені өзгерту үшін не істегісі келетінін анықтау
3) стратегияны таңдау	С) тиімді шешім таңдау

33. Ми бөліктерін атқаратын қызметіне қарай сәйкестендіріңіз

1) желке бөлігі	А) ауызша және тұжырымдамалық білімдерді сақтау
2) жоғарғы бөлігі	В) визуалды бейнелерді қабылдау
3) самай бөлігі	С) қол және дене қозғалыстарын реттеу

34. Коучинг пен тәлімгерліктің тиімділігін қамтамасыз ететін үш негізгі мәселені сипаттамаларымен сәйкестендіріңіз

1) жүйелі тәлімгерлік	A) ақпарат пен ұсынымдардың мұғалім үшін барынша өткір болуы
2) мәнмәтін	B) коучингіні іске асырудың белгілі бір мәтіндік жиынтыққа сәйкес келуі
3) өзектілік	C) мұғалімдерге жақында алған дағдыларын бейімдеуге қолдау көрсету

35. «Мен» тұжырымдамасының компоненттерін сипаттамаларымен сәйкестендіріңіз

1) әлеуметтік	A) білім, білік, дағдылардың қалыптасуы
2) танымдық	B) өзін еркін сезіну, жетістікке қуану
3) эмоциялық	C) сыныптастарымен бірлесіп білім алу

36. Бөлінген көшбасшылықтағы мәдени бөліністің қарым-қатынас түрлерін сипаттамаларымен сәйкестендіріңіз

1) адалдық	A) басқалармен өзара қарым-қатынас барысында күтілетін нәтижеге қол жеткізе білу
2) жеке қарым-қатынас	B) басқаның пікірін тыңдау және бағалау
3) құзыреттілік	C) орнықты және кәсіби өзара қарым-қатынас
4) құрметтеу	D) өзара сенімді және шынайы қарым-қатынас

37. Дарынды және талантты оқушылардың сипаттамаларын мазмұнына қарай сәйкестендіріңіз

1) креативті ойлаудың сипаттамасы	A) әлеуметтік тұрғыдан қалыптасқан
2) қалай оқитындығының сипаттамасы	B) жаңа идеяларға сынақ жүргізуге және қателесуге тәуекел етуге дайын
3) қоғамдық көшбасшылық сипаттамасы	C) жоғары сынып оқушыларымен, ересектермен тіл табысады
4) табандылық сипаттамасы	D) логикалық және сараптамалық ойлау жүйесі дамыған

38. Блум таксономиясының қадамдарын сипаттамаларымен сәйкестендіріңіз

1) білу	A) дәйектер мен себептерге сәйкес ақпаратты тексеру және жіктеу
2) жинақтау	B) жаңа білімдерді, әдістерді және ережелерді түрлі нұсқада пайдалану
3) қолдану	C) жаңа үлгіде әр түрлі тәсілдермен элементтерді қиыстыру арқылы ақпаратты жүйелеу немесе балама шешім ұсыну
4) талдау	D) негізгі идеяларды ұйымдастыру, салыстыру, сипаттау және бекіту жолымен фактілер мен идеяларды ұғынғанын көрсету
5) түсіну	E) фактілерді, жағдайларды, негізгі тұжырымдамалар мен жауаптарды көрсету арқылы өткен материалдардың есте сақталғанын растау

Бос бет

Бос бет

Бос бет